«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

№5 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

2026 жылғы 23 қараша
Қарағанды қ.,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 56

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАРАГАНДИНСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБЫЛКАСА САГИНОВА»

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА №5

от 23 ноября 2026 года
г. Караганда,
пр. Нурсултана Назарбаева, 56

Ғылыми кеңес төрағасы– Сагинтаева С.С.
Ғалым хатшы – Турсынгалиева К.Н.
Қатысқандар: Ғылыми кеңестің 35 мүшесінен 28 қатысты

1. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ оқытушыларын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының республикалық кезеңіне қатысуға ұсыну туралы

ТЫҢДАЛДЫ: Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Нусупбеков Б.Р.,** «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі Қағидалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 16 наурыздағы № 124 бұйрығына, сондай-ақ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беруге конкурс өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарландыруына сәйкес және Қағидалардың 10-тармағына сай конкурстың ішкі кезеңін өткізуді қамтамасыз ету мақсатында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының ішкі кезеңін өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Ректор С.С. Сагинтаеваның 2026 жылғы 18 қарашадағы №335лск бұйрығына сәйкес сараптама тобы және аппеляциялық комиссия құрылып, ұсынылған құжаттарды бағалауды жүзеге асырғанын атап өтті.

Конкурстың бірінші ЖОО ішіндегі кезеңіне қатысу үшін барлығы 27 өтінім берілген. Оның ішінде:

1) Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан астам – 2 оқытушы;

2) Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан аз – 25 оқытушы.

ТЫҢДАЛДЫ: Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор **Канапьянов Т.Е.,** ол «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының ішкі кезеңін өткізу барысында, сараптама тобы және аппеляциялық комиссия жұмысы бойынша баяндады.

Түскен бір апелляцияны қарау қорытындысы бойынша сарапшылар қойған балдар өзгеріссіз қалдырылды.

Министрлік белгілеген квотаға сәйкес комиссия республикалық кезеңге қатысу үшін 12 үміткерді іріктеп алды.

Т.Е. Канапьянов Ғылыми кеңес мүшелеріне комиссия шешімін қолдап, ұсынылған тізімдегі 12 үміткерді конкурстың екінші (республикалық) кезеңіне жіберуді ұсынды.

«ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының республикалық кезеңіне қатысу үшін келесі үміткерлердің кандидатураларын ұсынды.

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан астам:

1. Джантасова Дамира Дулатовна
2. Нурумгалиев Асылбек Хабадашевич

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан аз

1. Халикова Эльвира Равиловна
2. Султангазиев Руслан Бауыржанович
3. Амангелдіқызы Алтынай
4. Суимбаева Айгерим Маратовна
5. Ракишев Асет Каригулович
6. Замалиев Наиль Мансурович
7. Берг Александра Сергеевна
8. Асанова Жанар Мажитовна
9. Сулейменов Нурлан Мухтарович
10. Тебаева Анар Юлаевна

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ түлектері мен ПОҚ Ассоциациясы қоғамдық қорының атқарушы директоры, техникалық ғылымдарының кандидаты, профессор Интыков Т.С., ол аталған үміткерлерді қолдауды және байқаудың екінші кезеңіне қатысуға ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ оқытушылары мен қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы, т.ғ.к., доцент Алпысбаева Н.А., ол ұсынылған үміткерлер тізімін бекітуді ұсынды.

ДАУЫС БЕРДІ:

«жақтап» - 28

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» – жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық конкурсының екінші кезеңіне қатысу үшін келесі үміткерлер ұсынылсын:

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан астам:

1. Джантасова Дамира Дулатовна
2. Нурумгалиев Асылбек Хабадашевич

Ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі 15 жылдан аз

1. Халикова Эльвира Равиловна
2. Султангазиев Руслан Бауыржанович
3. Амангелдіқызы Алтынай
4. Суимбаева Айгерим Маратовна
5. Ракишев Асет Каригулович
6. Замалиев Наиль Мансурович

7. Берг Александра Сергеевна
8. Асанова Жанар Мажитовна
9. Сулейменов Нурлан Мухтарович
10. Тебаева Анар Юлаевна

Ғылыми кеңес торағасы **С. Сагинтаева**

Ғалым хатшы **К. Турсынгалиева**